

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Әл - Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті



Ежелгі Месопотамия өркениеті



Орындаған: Есеп және аудит
тобының студенттері.
Утегенова Б.
Апсаттар Ж
Сулейменова А
Құрбан Б
Нуркенова А
Тексерген: Кудайбергенов С.Е.

Жоспар

Ежелгі Месопотамия
мәдениеті

Месопотамиядағы ежелгі
мемлекеттер

Мәдениеттің Шумер, Аккад
елдерінде дамуы



Месопотамия

Месопотамия Өркениеті (б.з.б. 3000 – 331) – әлемдегі ең көне өркениеттердің бірі.

[Тигр](#) мен [Евфрат](#) өзенінің аралығындағы халықтардың мемлекет құру, мәдениет және әлеуметтік қатынастар жүйесінде қол жеткізген, өзге әлемдік мәдениет және қауымдастықтармен ықпалдастық барысында пісіп жетілген рухани және материалдық құндылықтар жиынтығы. Оңтүстік Қосөзен бойын алғаш [шумер](#) мен [аккад](#) тайпалары мекендеген. Осы екі топ Қосөзеннің оңтүстік жақ аймағындағы халықтың негізін құрды және адамзаттың ең ежелгі мәдени орталықтарының бірін негіздеді.

Ежелгі грек географтары Месопотамияны (Месопотамия) Тигр мен Евфрат арасындағы жазық аймақ деп атады. Бұл аймақтың өзіндік аты - Шынар. Солтүстіктен және шығыстан Месопотамия Армения мен Иран таулы аймақтарының тауларымен қоршалған, батысында Сирия даласымен және Арабияның жартылай шөлдерімен шектесіп, оңтүстігінен Парсы шығанағы шайып кетті.



Б.з.б. IV ғ. Иранда Сасанидтер династиясы үстемдік етті. Олар өздерінің ата-тегін құдайлармен байланыстырды, табиғат күштеріне сыйынды, отқа, суға табынды. Өкінішке орай, Саса-нидтер династиясының көптеген мәдени мұралары әр түрлі та-рихи жағданларға байланысты құрып кетті. Гүлденген Сасанид-тер мәдениетінен қалғаны — патша сарайлары мен сәулетті храм-дардың үйінділері, ондаған алтын, күміс ыдыстар, парсы кілемдері мен жібектің қалдықтары ғана. Сөйтіп, адамзат мәдениетінің ең құнарлы бастамаларының бірі болған бұл мем-лекет те құлады. Б.з.б. IV ғ. Александр Македонский жаулап алғаннан кейін Иран дәл Египет сияқты эллинистік мәдениетінің арнасына қосылды.


Бұл діннің аңыздары болашақ жайындағы күрделі ілімді де уағыздайды. Олардың болжамынша, дүниежүзілік тарих 12 мың жылға созылады, оның үш мың жылы «Алтын гасыр кезеңі», яғни үстіне бозторғай жұмырткалайтын заман болады. Бұл дәуірде ауру да, елім де, аш-жалаңаштық та адамды қина-майды.

Иран өркениетінің тағы бір жетістігі — ондағы ескі парсы-лық сына жазуы. Вавилондық сына жазуда 300 таңба болса, пар-сыларда бар-жоғы 43 таңба калған.

Зороастризм бойынша, әлемде бір-біріне қарама-қарсы екі негіздің — жақсылық, пен ізгіліктің құдайы, нұрдың, өмірдің, ақиқаттың рәмізі Ахура-Мазда мен зұлымдықтың белгісі, қараңғылық пен өлім таңбасы Анхра-Майньюдің арасында толаста-майтын күрес жүріп жатады. Өз қарсыласына қарсы күресте Ахура-Мазда адамды жаратады. Демек, әлемде екі құдай бар, оның біреуі — мейірімді құдай Ахура-Мазда да, екіншісі — мейірімсіз құдай Анхра-Майнью.



Зороастризм дінінің негізін қалаушы Заратуштраның өмірі мен ілімі туралы ғылымда әр түрлі пікірлер қалыптасқан. Ғалым-дардың айтуынша, Заратуштра грекше «Зороастр» деген сөз ежелгі Иранның сөзінен шыққан «түйелі адам», «түйе жетекте-ген адам» деген мағына береді. Зороастризмнің қасиетгі кітабы — әдеби және мәдени жәдігер «Авеста». «Киелі Авеста кітабы» ежелгі мәдениеттен хабардар етіп қана қоймай, сол дәуірдегі заман оқиғаларынан терең мағлұматтар беріп, көне тарих беттерінен сыр шертеді және ежелгі Иран тілдерінің ең ежелгі, ең құнды ескерткіштерінің бірі болып саналады. «Авестаның» зороастризм жайындағы көп нұсқулары бізге толық жетпеген. Оның ең көне бөлігі «Гат» деген атпен белгілі. «Кнелі кітапты» — энциклопедиялық туынды деп қарастырсақ та болатын сияқты, өйткені мұнда түрлі ғылым салаларымен қатар, заңдар туралы, адамгершілік хакында толып жатқан қызықты дерек-тер кездеседі. Сонымен қатар «Авеста» тарихи ескерткіш те бо-лып саналады. Мұнда ұлы пайғамбар Зороастраның есімімен аталған зороастризм діні туралы мағлұмағар осы «Авеста» ар-қылы біздің заманымызға дейін жетіп отыр. «Киелі кітапта» адам-ның ақыл-ойы, оның өсіп-жетілуі, еңбектенуі, өзгеруі, табыс-тарға жетуі және т.б. өмірлік мәселелер жырға косылады. Со-нымен қатар, әділ патша билігі, жарқын өмір сүру, тату-төтгі қарым-катынастар орнату, іс-эрекетті ақылмен жасау, адал еңбекпен күн көру, адамдарға шексіз қайырымдылық жасау сияқты өмірлік мәселелер сөз болады.



Иран өркениетінің тірегі — зороастризм діні болды. Ол мемлекеттік дін болғандықтан мемлекет тарапынан үлкен қол-дау тапты. Зороастризм тек қана діни наным*сенім жүйесі ғана емес, сонымен қатар философиялық, дүниетанымдық жүйе бо-лып табылады. Зороастризм ежелгі заманның философиялық жүйелерінің қалыптасуына, христиан және ислам діндеріндегі жорамалдық ілімдерге де зор әсер етті.

XIX ғ. соңғы ширегінде Тигр және Ефрат (Қос өзен) өзендерінің бойында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде ежелгі ескі қалалардың орны ашылып, әлемге «Шумер өркениеті» деген жаңа мәдениет белгілі болды. Адамзат баласының ғасырлар бойы жинақтаған мол мәдени мұраларына қомақты үлес қосқан, дүниежүзілік өркениеттің тағы бір бастауына айналған бұл жаңа мәдениеттің аты аңызға айналды, адамзат қауымының «фәлсафалық мәйегі», ілгерілеу мен дамудың қайнар бұлағы деп дәріптелді.

Жер бетінде алғаш өркениетті қауым, іргелі мемлекет құрған шумерлердің мәдениеті дүниежүзілік мәдени ошақтардың бірі Египет мәдениетіндей өте жоғары болды. Бірақ Ніл аңғарында үш мың жыл бойы бір-ақ халық қоныстанып, бір-ақ қана мемлекет Ежелгі Египет қоныстанса, ал Қос өзен бойында Шумер, Аккад, Вавилон, Ассирия, Иран сияқты түрлі мемлекеттік құрылымдар тарих сахнасында бірінен кейін бірі алмасып тұрды, түрлі халықтар өзара сауда-саттық жасаумен қатар, өзара әскери қақтығыстарға да жиі барып тұрды, соның салдарынан қалалар мен әсем ғимараттар күл-талқан болып қирады да. Бірақ мұндай қақтығысқа қарамастан бұл мемлекеттердің мәдени гүлдену процесі тоқтап қалған жоқ.



Оған дәлел, Қос өзеннің ең көне мәдениеті Шумер-аккад мәдениеті. В.В. Струве, В.И. Авуев, В.А. Тураев, Б.И.

Грозный сияқты аса көрнекті шығыстанушы ғалымдардың пікірінше, шумерлер бүкіл Вавилон мәдениетінің негізін қалаушылар болып саналады. Ал шумерліктердің өздері, олардың ата-бабаларын Қос өзен өңіріне сонау таудың ар жағынан, солтүстіктен, яғни солтүстік-шығыстан келген.



Ғалымдардың айтуынша, бұл келгендер «тау тұрғындары», «малшы көшпелілер» болып есептелсе керек. Шумердің 3100—2800 жылдардағы халқы туралы белгілі ғалым Л. Вулли: «Дәл осы кезеңде бұлардың халқының басым көпшілігі келімсектерден құрылғаны анық. Әр түрлі себептермен келген олар бұл елдегі халықтардың игере алмай отырған биік мәдениетін өркендетуге белгілі дәрежеде әсер еткен болса керек», — деп жазады.



Шумер мемлекетінің мәдени жетістіктері орасан зор болды. Адамзат тарихындағы алғашқы «алтын ғасыр туралы» поэмасы шумер елінің топырағында жарық көрді, шумерліктер алғашқы элегияларды жазды, дүние жүзінде бірінші рет кітапханалық каталогтар жасауды игерді. Осы орайда ғалымдар «Месопотамия — архивтер отаны» деп тегіннен-тегін атамағанын атап өткіміз келеді, өйткені мұнда мемлекеттік архивтермен қатар жеке адамдардың да архивтері болған. Сонымен қатар шумерлер — ең көне медициналық еңбектердің, дәрі-дәрмек рецептері жинақтарының авторлары, диқаншының тұңғыш күнтізбегін жасаған да осы шумерліктер.

Өз заманында іргелі мемлекет құрған шумерлер айналасы тас дуалды әдемі қалалар салудың тамаша үлгісін көрсете білді. Қалада патша сарайы, дін ордaları, қалалық әкімшілік, шеберхана, мектеп, базар, тұрғын үйлер тәртіппен түзіліп, шаһардың сәулетіне сәулет қосты.


Дүние жүзіндегі алғашқы жазуды ойлап табу да осы дарынды халықтың үлесіне тиген. Шумерлер сына жазуын ойлап табумен қатар, оның жетілген оқулықтарын, грамматикасын жасады. Шумер елінде мектептер мәдениет пен білім ошағына айналды. Бір таңқаларлық жағдай дінтану оқу бағдарламаларына енгізілмеген. Оқушылар негізгі пәндер — шумер тілі мен әдебиетімен қатар, математика, астрономия, грамматика сияқты ғылым салаларын оқумен шұғылданған.

Мектептерде шәкірттердің білімін сараптайтын сынақ жүйесі болды, медицина, сот істері бір ізге қойылды, сәлемхат жазба түріндегі елшілік қарым-қатынас, келісім шарттарға ерекше мән берілді, қазыналық кіріс-шығыс есебі мұқият жүргізілді. Әдебиет пен өнер өркен жайды. Адамзат қауымының тұңғыш әдебиет үлгісі, сына жазу арқылы бізге келіп жеткен даңқты «Гильгамеш туралы аңыз» қасиетті шумер елінде дүниеге келді. Бұл тамаша дастанда адам өмірінің мәні мен маңызы туралы мәселе көтеріліп, өлім мен өмірдің арақатынасы жайында фәлсафалық толғаулар айтылады.




Шумер мәдениетін зерттеген шетел ғалымдарының айтуынша, шумер мемлекетінің бірнеше қалалары болған. Солардың ішінде Ур-Уч қаласы (қазіргі Ирак Республикасының Варка қаласы) негізгі бас шаһар болып саналады. Сондай-ақ шумерлердің Ларса, Лагаш, Умма, Аратта, Шуруппак сияқты бір-біріне жапсарлас орналасқан қалалары да болған.

Қос өзеннің байырғы тұрғындары — шумерлердің діни наным-сенімдері де, мифологиясы да жан-жақты дамыған. Өз құдайларын «діңгіртәңір» деп атаған шумерлер әлемнің жаралуының басын «Ан-Ки» деп білген. «Ан» — аспан, «Ки» — жер, демек олар көк иесіне «Ан» деген, ал жер иесіне «Ки» деген атақ берген. Шумерлер адамзат тағдырын шешетін 50-ден астам құдай бар деп есептеген. Олардың біразының аты белгілі: Ан, Ан-Ки, Ан-Лил, Ереш-кигал, Инанна, Нурур-Саг, Мама, Мами, Уту, Марту, Ие, Мардук, Шамаш және т.б.




• Осы орайда Шумер мәдениетіне байланысты ғалымдардың бұлтартпас деректерімен дәлелденген ақиқат бар. Ол әлемге ізгілік жолын сілтеген киелі кітап «Тәуратқа» байланысты ақиқат. Өйткені, теологтар Таурат пен Інжілді құдай сөзі, не болмаса құдай сөзін қаз-қалпында жеткізген пайғамбарлар уағызы деп түсіндірсе, ғалымдар оны көне дәуір адамының ұшқыр ойының жемісі деп бағалады. Шындығында солай шығар, бірақ Қос өзен бойынан табылған жазба деректерге қарағанда иуда және христиан дініне бастау болған Таураттың-шумерлердің мифологиясы аңыздары мен дастандарының көшірмесі екендігі айқындалып отыр. Бұл жағдай шумерлер өркениетінің мәртебесін өсіріп, шоқтығын биіктете берері сөзсіз.



• Қазіргі заман мәдениетінде шумер-вавилондық математика мен астрономия өз ізін қалдырды. Оған дәлел ретінде күні бүгінге дейін шеңберді 360 градусқа, сағатты 60 минутқа, ал минутты секундқа бөлген шумерлік есептеу жүйесін қолданатынымызды айтсақ та жеткілікті сияқты.

• Шумер мәдениетінің тағдырына келсек, шумер елі шапқын-шылыққа ұшырап, б.з.д.б. 3-мыңжылдықтың аяғында семит тайпалары аккадтықтар жаулап алғаннан кейін Вавилон, Асси-рия мемлекеттері орныққаннан кейін де бұл өркениет адамзат мәдениетінің теңдесі жоқ үлгісі болып қала береді.




• Ол өзінің ішкі ртаани қуаты мен ізгілік мұратгары арқылы кайтадан жаң-ғырш^үгшгі заыан бейнесінен кайта көрініс таптъ Осы орайда шумерлердің байырғы отаны Евразия күрлығы, оның ішінде Қазақстан топырағында болғандығы женіндегі тарихи деректерді ескере отырып, шумерлер оркениеті мен түркі өлемі мәдениетінің озара тығыз байланыста болғандығын ерекше атап өткіміз келеді. Қазірдің озінде шумер тіліндегі 400-ден аса сөз түрік сөздеріне ұксас сияқты толып жатқан ғылыми тұжырым-дар осы пікіріміздің айқын дәлелі сияқты.



• Шумер-Аккад өркениетінің тікелей мұрагері ежелгі Вавилон болды. Б.з.д. II мыңжылдықтың ортасында Хаммурапин патша-ның тұсында (б.з.д. 1792—1750 ж. патшалық күрған) Вавилон қаласы бүкіл Шумер және Аккад облыстарын өзінің қол асты-на біріктірді. Хаммурапидың кезінде екі метрлік тас дiңгекке сыналап жазылған атақты заңдар жинағы өмірге келді. Хамму-рапи заңдарында Қос өзен алқабының ежелгі тұрғындарының шаруашылық өмірі, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары және дүниетанымы кеңінен көрініс тапты.




Бір кездерде қуатты Вави-лон патшалығы мен және ұлы Ассирия державасы туралы де-ректер өткен ғасырға дейін тек Библиядан, сондай-ақ Геродот-тың және тағы да басқа көне заман авторларының еңбектерінен ғана белгілі болатын. Ал Мосулдағы француз консулы Поль Эмиль Ботта Қос өзен бойында таңқаларлық археологиялық жаңалық ашып, осы бір ұлы мәдениеттің көмескі жақтарын айқындауға жол салып берді.



Қос өзен бойының байырғы тұрғындары суға және аспанға табынған. Суға табынушылық, бір жағынан ол құнарлылық, береке көзі болғандықтан болса, екінші жағынан бұл өңірді та-лай рет ойрандаған мейірімсіз жауыздық күші болғандықтан қалыптасса керек.

Вавилондықтар аспан жарықтарыға жай ғана табынып қана қойған жоқ, оның құпия сырларын ашуға да талпыныс жасады. Олар күннің, айдың айналысын және тұтылудың қайталану заңдылықтарын есептеп шығарды, сонымен қатар вавилондық астрономдар аспан денелерін, яғни жұлдыздарды бақылап зерттеу-де тамаша табыстарға ие болды. Б.з.д. V ғ. Вавилонда астроло-гиялық мектептер болған, ал жұлдыздардың өзара қашықтығын көрсететін таблицалар күні бүгінге дейін сақталған.



Вавилон абыздарының ілімі бойынша адамдар құдайға құлшылық, ету үшін балшықтан жаратылған. Вавилондықтар көп құдайларға табынған, солардың ішіндегі ең бастылары: Шамаш — Күн құдайы, Син — Ай құдайы, Адад — Жауын-шашын құдайы, Нергал — Өлім құдайы, Ирра — Соғыс құдайы, Вильги — От құдайы. Вавилон құдайларында адамдар бойынан кездесетін барлық қасиеттер табылды. Олар да адамдар сияқты жанұя құрып, ұрпақ жалғастырды, байлық пен мансаптан да бас тартады, күншілдік, даңққұмарлық, өз мүддесін ойлау, тұрақсыздық сияқты жат қасиеттер оларға да тән болды. Адам тағдыры осы құдайлар қолында болды, ал оларды еркін тек абыздар ғана болжай білді. Абыздар шынында да көп білетін — бұған абыздар ортасында дүниеге келген Вавилон ғылымы дәлел. Арбау, дуалау және сиқыршылықтың түрлері абыздар мен жұлдыз есептеушілердің ғана қолынан келетін болған. Міне, сондықтан да олардың даналығы сиқырлы, бейне табиғаттан тыс дүние есебінде құрметтелген.

Кейінгі ғасырларда Вавилонның қуаты мен саяси маңызы адамдардың ең ежелгі және ұлы мәдениеттердің бірін гүлдендіріп, одан өрі дамыту ассириялықтардың үлесіне тиді. Грек-рим мәдениетінің арасындағы өзара байланыс қандай болса, ассириялықтардың өздерінің оңтүстіктегі коршілері вавилондықтарға қатысы да сондай болды. Олар Вавилонның дінін, мәдениеті мен өнерін қабылдап, оны одан өрі дамытты. Ғалым-дар Ассирия патшасы Ашшурбанипал (б.з.д. 665—635 ж.) са-райының қирандыларынан бірнеше оңдаған мың сына жазу тексті, соның ішінде вавилон әдебиетінің аса құнды шығарма-лары бар кітапхана тапты. Шығыс елдерінің ішіндегі ең әйгілі, ең бай бұл кітапханада вавилондық, әдеби шығармалармен қатар, заңдар жинағы, тарихи туындылар мен ғылыми еңбектер де жинақталған. Ал осы сарайдан табылған «өліп бара жатқан ұрға-шы арыстан» (б.з.д. VII ғ. Лондон. Британ музейі.) — дүниежүзілік маңызы бар өнер туындыларының қатарына жа-тады. Денесіне садақ қадалып, енді ең соңғы күшін жинап алып орнынан көтерілуге әрекет жасап тұрған бұл ұрғашы арыстан трагедиялық ұлылыққа бөленген. Жан тапсырар алдындағы аласапыран сотті мүсінші өте әсерлі де, нақты бере білген.

Б.з.д. Ассирия еңері патшаның билігін, оның күдіретін дәріптеді. II-Сарон патшаның (б.з.д. VII ғ.) сарайында адам бейнесіндегі аса зор, әрі айбынды қанатты бұлақтар бейнелен-ген. Әрбір бұқаның тура бес аяғы бар. Осы бейнелерді корген-де: «Артық аяғы не үшін қажет болды екен?» — деген сұрақ еріксіз ойға келеді.

Белгілі ғалым Л. Любимовтың пікірінше, «Бұлар қайырым-ды кемеңгерлер, патшалардың салтанатты сарайларын жаулар-дан қорғаушы күзетшілер, сарайға кіруші өркім жанынан өтіп бара жатқанда — ауыр салмағымен, қозғалысынан, ал алдынан қарағанда —одан да кем соқпас айбарлы сабырлылығымен зәреқұты қалмай қорқып тұруы үшін оған артық аяқ жасалған».

Ассирияның Алдыңғы Азиядағы үстемдігі тым ұзаққа созыл-ған жоқ, б.з.д. VI ғ. Вавилон мен Ассирияның орнын қуатты Иран империясы басты. Осылай алдыңғы Азияда өз үстемдігін басқа да елдерге орнатқан жаңа мемлекет орнықты. Оның құра-мына Вавилон мен Ассирия, Кіші Азия мен Египет, Мидия, Армения, Сирия және Орта Азия да енген болатын. Өзі бағын-дырған халықтардың мәдениетінен сусындаған Иран мәдениеті негізінен Шумер өркениетінің әсерімен қалыптасқан. Олай болса «Иран шумерлік мәдениетінің екінші үйі болып табылады» де-ген А. Тойнбидің пікіріне қосылмасқа шарамыз жоқ. Иран мәдениетінің шарықтаған кезеңі — Ахменидтер династиясының үстемділігімен (б.з.б. VI—IV ғ.) тұспа-тұс келеді.

Қорытынды

Ахменидтік иран өнері, ғалымдардың пікірінше, нағыз сарай-лық өнер болды. Бірақ Ирандық өнерде сабырлылық, пен бай-салдылық сарын болды, ассириялықтардың өмерінде байкала-тын мейірімсіздік — қайырымсыздық қасиеттер кездеспейді де-сек те болады. Ең бастысы — мәдени мираскорлық дәстүр бұзыл-май сақталған. Ирандық бейнелеу өнеріне аңдарды, олардың ішінде қанатты бұқаларды, арыстандар мен барак иггерді (ұзын жүнді итгің бір тұқымы) беннелеу — осы өнер саласындағы басты элемент болып қала береді. Мысалы, Ассирия сарайын-дағы сияқты Пасаргадыдағы, Персопольдегі және Сузыдағы са-райлардың қакласының алдында айбынды қанатты бұқалар ор-наласты. Баска мәдени мұраларға еліктей отырып, парсы сәулетшілері өнері саласында талай тамаша жаңалықтар ашты. Солардың бірі — «ападана» болатын, яғни түрлі-түсті тастардан жасалған, тұтас орман тәрізді жүздеген жеңіл, тіп-тік көп ко-лонналы тақ залы. «Патша сарайларының сән-салтанаты откен ғасырларда басқа мемлекеттерде жасалғанның. бәрін дерлік ба-сып өтгі», — деген ғалымдар пікірінің ақиқаттығына сәулетшілік өнердің әрі әдемі, әрі үйлесімді ескерткіштері айқын дәлел бола алады. Иранның сарайлық өнері — мерекелі де, салтанатты өнер болды, тіпті жеңістерді дәріптегеннің өзінде де қатыгездіктен ада таза өнер екендігін көрсете білді.



Әдебиеттер тізімі

Қазақ Энциклопедиясы

- ↑ Гердер И.Г. Идеи к философии истории человечества. — М., 1977. — С. 252
- ↑ Қазақтың дүниетанымы. Алматы, 1993, 36-бет
- ↑ Ә. Наурызбаева, Н. Скалой. Диалогтың мүмкіндігі. «ІПаңар», 1993, № 1, 8-бет
- ↑ ^{5.0} ^{5.1} Мәдениеттану негіздері: Оқулық. – Алматы: Дәнекер, 2000. ISBN 9965-485-34-8
- ↑ Бердяев Н.А. Воля к жизни и воля к культуре. На переломе. — М., 1990. — С. 78
- ↑ Хамидов А. Шығыс және Батыс: дүниелік қатынас және дүниетаным//«Шаңар». — 1993. — № 1
- ↑ Н.Я. Данилевский – Ресей және Еуропа
- ↑ Смысл и назначение истории. — М., 1971. — С. 32-33
- ↑ Библер В. Итоги и замыслы (конспект фило1 софской логики культуры//Вопросы философии. —1993. — № 5. С. 78
- ↑ Бубер М. Два образа веры. — М., 1995. — С. 109
- ↑ Назарбаев Н. Ғасырлар тоғысында. — Алматы, 1996. — 79-бет
- ↑ Библер В. Культура. Диалог культуры//Вопросы философии, 1989. — № 6. — С. 38
- ↑ Баткин Л. Итальянские гуманисты: стиль жизни, стиль мышления. — М., 1976. — С. 112
- ↑ Мәдениеттану: жоғарғы оқу орнындары мен колледж студенттеріне арналған оқулық. Алматы: Раритет, 2005.- 416 бет.